

Сондай-ақ оның ұрпақтары күні бүгінге дейін өздерінің шығу тектерін Едіге бимен тікелей байланыстырып, мақтан етеді.", - деп атап өткен екен.

XV ғасырдың алғашқы жартысында көптеген мемлекет болып келген жағдайлардың нәтижесінде Еуразиядағы ең ірі мемлекет болып келген Алтын Орда біржолата ыдырайды. Үлкен территорияда билік құрған бұл мемлекет тәуелсіз бірнеше бөлікке бөлінеді. Бүгінгі таңда Алтын Орданың саяси тарихындағы әмірлердің рөлі мен қызметі әлі де зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі екені анық

Алтын Орданың саяси өмірінде жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан ру-тайпа әмірлері, тайпа бектерінің ықпалы біртіндеп күшейіп, олар белгілі бір кезеңдерде саяси өмірде шешуші рөл атқара бастағанын көреміз. Сондықтан тайпа бектерінің қызметін зерттеу Алтын Орданың этникалық тарихы мен қоғамды-саяси құрылым, ішкі, сыртқы саясаты туралы бірқатар мәселелерді жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. Извлечения из сочинений арабских. Пер. с араб. В.Г. Тизенгаузена. СПб., 1884. 588 с.
- 2.Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. 2. Пер. Ю.П. Верховского. М.-Л., 1960. 248 с.
- 3.Безертинов Р.Н. өзінің "Татары, тюрки - потресатели вселенной (история великих империи)". – Новосибирск, 2001. – 733 с.
- 4.Трепавлов В. "Беклербек в структуре монгольской и тюркской государственности". // Золотоордынское обозрение, 2014. <https://cyberleninka.ru/article/n/beklerbek-v-strukture-mongolskoy-i-tyurkskoy-gosudarstvennosti>
- 5.Ногайбаева М.С. Алтын Орда тарихындағы тайпа бектерінің рөлі мен қызметі. // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 2022. // <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/download/1540/871>

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЭТНОСАЯСИ, ЭТНОГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІНІҢ МАҢЫЗЫН ҚАРАСТЫРУ, ҰЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛМЕГЕН ЖӘНЕ АЗ ЗЕРТТЕЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев,

ҚР ҰҒА академигі,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Тарих факультетінің профессоры,

тарих ғылымдарының докторы

Алтын Орда (Ұлық Ұлыс, Жошы Ұлысы) - XIII-XV ғасырларда Еуразия құрлығының орталығында Ертіс пен Дунай өзендерінің аралығында өмір сүрген, өзінен кейін осы аралықта құрылған бірнеше мемлекеттердің, ондаған халықтар мен этностардың этникалық, мәдени тарихына ерекше ықпал жасаған, этникалық негізін түрік тілдес тайпалар қалаған империялық деңгейдегі алып мемлекет болды. Сонымен бірге бұл алып империя өзі өмір сүрген ғасырларда Египет, Иран, Византия, Еуропа аумақтарындағы сол заманның қуатты мемлекеттермен саяси қарым-қатынастар жүргізіп, халықаралық қатынастарда белсенді рөл атқарып отырды.

Жалпы, Алтын Орда тарихын зерттеу жұмыстары ол толық күйрегеннен кейін бірнеше ғасырдан соң басталады. Ресейде болса, зерттеу жұмыстарын қолға алу ісі XIX ғасырдың алғашқы жылдарында қолға алынады. 1805 жылы неміс тарихшысы Шлецер «орыс тарихындағы «моңғолдық кезеңнің» маңыздылығын және оны зерттеудің өзектілігін көрсетсе», 1808 жылы Лерберг Ғылым Академиясында Алтын Орда тарихын зерттеу үшін ақшалай сыйлық тағайындау туралы мәселе көтереді [1, V-VI]. 1826 жылы орыс тарихындағы «моңғол үстемдігінің» салдарларын зерттеу туралы Ресейдегі Ғылым Академияның жүз жылдығына орай өткізілетін шаралар қатарына қосу туралы ұсыныс айтылса, ол тек 1829 жылы ғана шаралар қатарына енгізіледі [1, V-VI; 2, 554; 3, 555-563]. Осылайша, 1826 және 1832 жылдардағы Императорлық Академияның Алтын Орданың тарихын зерттеу үшін жарияланған конкурста жалғыз жұмыс - австриялық тарихшы, үшін жарияланған конкурста жалғыз жұмыс - австриялық тарихшы, еуропалық тілдермен қатар араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген

Йозеф фон Хаммер-Пургштальдың неміс тіліндегі қолжазбасы келіп түседі. 1840 жылы осы қолжазба негізінде, аздаған өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, автор Пешт қаласында «Қыпшақтағы Алтын Орда немесе Ресейдегі моңғолдар тарихы» («Geschichte der Goldenen Horde in Kiptschak, dasist: der Mongolen in Russland») атты монографиясын жарыққа шығарады. Содан бергі екі ғасырға жуық уақыт ішінде Алтын Орда тарихына қатысты Батыс Еуропада, патшалы Ресейде, Кеңес Одағында және КСРО ыдырағаннан кейін оның аумағында құрылған жекелеген мемлекеттерде өте көп зерттеу еңбектері жарық көрді. Дегенменде, біз бұл арада Алтын Орда тарихының саяси аспектілері мен қоғамдық қатынастары мәселелеріне арналған бірнеше еңбектерді атап өтуді қажет деп санаймыз. Н.И.Березиннің[4], А.Н.Насоновтың[5], Б.Д.Греков пен А.Ю.Якубовскийдың[6], М.Г.Сафаргалиевтың[7], Г.А.Федоров-Давыдовтың[8], В.Л.Егоровтың[9], И.М.Миргалиевтың[10], Р.Ю.Почекаевтың[11], В.В.Трепавловтың[12], Ю.Е.Варваровскийдың[13] және тағы басқа көптеген зерттеушілердің еңбектері Алтын Орданың тарихнамасына мықты іргетас болып, оны одан әрі дамытуда ерекше рөл атқарып отыр.

Соңғы 6-7 жыл көлемінде бұрынғы Алтын Орда аумағында өмір сүріп отырған елдер арасында оның тарихына деген қызығушылықтың күрт өскені байқалып отыр. Бұрыннан да Алтын Орда тарихының тақырыбы ғылыми жағынан маңызы зор тақырыптардың бірі саналып келсе, оған мерейтойлық даталарға байланысты саяси маңыздардың қосылуы Алтын Орда тематикасын ең өзекті тақырыптар қатарына қосып отыр. Көршілес Ресей Федерациясында 2019 жылы Алтын Орданың құрылуының 750 жылдығына арналған ғылыми шаралар өткізіліп, оның әсері Қазақстанда қатты байқалды. Өйткені, бұл датаға негіз болған оқиға – 1269 жылғы Талас Құрылтайы Қазақстан аумағында, Тараз өңіріндегі Талас өзені алқабында өткендіктен және Алтын Орданың заңды мұрагерлерінің бірі – Қазақ хандығы болғандықтан бұл мерекелердің қазіргі Қазақ Еліне де қатысы ерекше болды.

Әсіресе, «тойдың болғанынан баладысы қызық» дегендей, Ресейде осы мерейтойға байланысты алдын ала дайындықтардың өтуі мен оны ауқымды түрде атап өту шаралары кең түрде насихатталды. Сол шаралар арасында мерейтойлық, тарихи ғылыми конференциялар өткізілді, ол конференцияларда Алтын Орда тарихының әртүрлі аспектілері қырларына, кейбір тұстарына деген қалың жұртшылық тарапынан ресми басшылығы 2024 жылы Жошы Ұлысының 800 жылдығы аталып өтілетінін бірнеше рет айтып өтті. Қарап отырсақ, 1269 жылғы Талас Құрылтайынан 45 жыл бұрын, яғни 1224 жылы Жошы Ұлысы құрылады. Осы датаға биыл тура сегіз ғасыр толып отыр.

Сол себепті де біз осы жұмысымызда Алтын Орданың саяси тарихында мүлде зерттелмеген немесе өте аз зерттелген кейбір мәселелерді қарастырмақшымыз.

Алғашқы қарастыратын мәселеміздің бірі – Батый (Бату) ханның 1236-1242 жылдары 7 жылға созылған Шығыс Еуропа елдеріне жасаған жорығының алғашқы жылдарында моңғолдар жаулаушылығына қарсы жергілікті Елбөрі Қыпшақ Башман батыр (Бачман) бастаған қарсылық күресі туралы болмақ.

Қыпшақтың Елбөрі тайпасынан шыққан Башман батыр туралы дерек мәліметтері Ала ад-дин Ата-Мелик Жувейнидің (1226-1283) «Тарих-и жахангуша» (қазақша-«Әлемді жаулаушының тарихы») атты еңбегінде[14,24], Фазлаллах ибн Абулхайр Рашид ад-диннің (1247-1318) «Жами ат-тауарих» (қазақша-«Жылнамалар жинағы») атты еңбегінде кездеседі[14, 24; 15, 35-36]. Бұл дерек мәліметтерінің тарих ғылымына белгілі болғанына қаншама уақыттар өтсе де, XIII ғасыр басындағы моңғол жаулаушылығына қарсы Қыпшақ Башман батыр бастаған көтерілістің не себепті академиялық басылымдар мен оқулықтарға енгізілмеуі біз үшін түсініксіз.

Жувейнидің еңбегі 1252/1253 -1260 жылдар аралығында жазылған және ондағы моңғол жаулап алушылығы туралы мәліметтер жаулап алушылардың ауызша мәліметтеріне негізделіп жазылған[14,20]. Оның Қыпшақ Башман батыр туралы мәліметтерінің оригиналды сипаты бар және Жувейни еңбегіндегі Башман туралы мәліметтер Рашид ад-диннің еңбегіне енгізіледі[15,35-36].

1235 жылғы Қарақорымдағы моңғол ақсүйектерінің Құрылтайы шешіміне сәйкес Жошы ханның мұрагері Батый ханға батысқа қарай «моңғол жылқысының тұяғы жеткен жерге дейінгі» аумақты жаулап алу тапсырылғаны белгілі. Батый ханның бұл батысқа жорығы 1236-1242 жылдары толығымен орындалып, Жошы Ұлысының аумағы Дунайға дейін кеңейеді. Осы жорықтың алғашқы жылдары, яғни 1236-1238 жылдары Дешті Қыпшақтың батыс жағында, Еділ өзенінің ағысы бойында моңғол әскерлері жергілікті қыпшақ тайпасындағы Елбөрі әулетінің билеушісі Башманның қарсылығына тап болады. Башман батыр қарсылығының моңғолдар үшін өте тегеурінді болғаны соншалық, оны басу үшін 20 мыңдық арнайы әскери топ жасақталады[14, 24]. Сондай-ақ бұл оқиғаның маңыздылығы күшті болған болу керек, Жувейни еңбегінде оқиға арнайы «Башман және оның өлтірілуі туралы әңгіме» деген атаумен жеке баяндалады[14, 24].

Елбөрі (Ильбари) - моңғолдар жаулаушылығына дейінгі Қазақстан аумағындағы Қыпшақ хандарының билеуші әулетінің бір бұтағы болып табылады[16,284-285]. Тарихшылар Жувейни мен Рашид ад-Диннің баяндаулары бойынша Батый әскерінің алғашқы соққыларынан кейін жан-жаққа шашыраған қыпшақ тайпаларының жігіттерінен Башман әскери топ құрып, моңғолдарға қарсы партизандық соғыс тәсілдерін қолданады. Ұзақ уақыт бойы моңғол әскерлері Башманның әскери тобын талқандай алмайды. Башман болса бір жерде ұзақ тұрақтамай, күн – түн демей моңғолдарға соққылар беруін жалғастыра береді. Башман тобы негізінен Еділ өзенінің жағалауындағы қалың орманды және өзен ортасындағы аралдарды пана

етеді. Ақыры сол өңірдегі моңғол әскерінің қолбасшысы Төлейдің ұлы Мөңке (кейінсі 1249-1259 жж. Моңғол империясының қағаны болған – Б.К.) 200 қайық жасатып, әр қайыққа 100 адамнан отырғызады да, Еділ өзенінің екі жағасын сүзіп шығуға бұйрық береді. Ақыры, олар Башман тобын Еділ өзенінің ортасындағы бір аралдан тауып, күтпеген жерден тарпа бас салады. Сол арада қатты қырғын ұрыс болып, моңғолдар жағы жеңіске жетеді. Батыр Башман қолға түсіріліп, Мөңкеге алып келінеді. Башман өзін Мөңке өлтірсін деп өтініш білдіреді, бірақ Мөңке өлтіруді інісі Бучекке тапсырады. Ол тапсырманы бұлжытпай орындайды [14, 24; 15, 35-36].

Қазіргі кезде Елбөрі Башман батыр есімін қалың көпшілік білмесе де, оның есімі XIII ғасырдағы ең танымал тұлғалардың біріне айналады. XIII ғасырдағы Елбөрі Башман батырды XIX ғасырдағы Кенесары ханның күресімен салыстыруға болады. Екеуі де жаулап алушыларға дейінгі жергілікті Дешті Қыпшақтағы билеуші әулеттің соңғы өкілдері болып, бірі моңғолдарға, екіншісі ресейлік патша билігіне қарсы күрес жүргізеді. Екеуі де күрес барысында қаза табады. Елбөрі Башман батырдың моңғол жаулаушылығына қарсы күресі Алтын Орда тарихының алғашқы кезеңіндегі көп айтыла бермейтін, тіпті оның беймәлім тарихына жатады.

Алтын Орда тарихындағы тағы бір көп айтыла бермейтін мәселеге – Берке ханның исламды қабылдауы мен діншілдігі және Батый ханның ұлы Сартақтың қалай және кімнің қолынан өлгендігі туралы мәселе жатады. Осы мәселелер төңірегінде де дерек мәліметтеріне сүйене отыра, Алтын Орда тарихының кейбір көмескі тұстарын ашып көрелік.

Алтын Орда тарихында 1257-1266 жылдары хан болған Жошы ханның Орда Ежен мен Батыйдан кейінгі үшінші ұлы – Берке ханның діншілдігі туралы жазба дерек мәліметтерінде көп айтылады [17, 36-37; 18, 98-101; 19, 151-153]. Сонымен бірге «Алтын Ордада Берке ханның тұсында ислам діні кең тарала бастады» деген тұжырым тарихнамада мықты орныққан. Біз бұл тұжырымды толығымен қостай отыра, әлі де болса Берке ханның өміріне қатысты кейбір беймәлім тұстарды қалың көпшілікке атап көрсетуді жөн көріп отырмыз.

Берке ханның діншілдігі жөнінде әлі де болса қалың көпшілік біле бермейтін тұстар бар. Берке ханның Алтын Ордада ислам дініне қатысты жүргізген саясатына байланысты тірі кезінде және ол қайтыс болғаннан кейін Хорезм, Хиуа секілді өңірлерде ел аузында көптеген қисынды-қисынсыз аңыз-әңгімелер таралады. Сол аңыз-әңгімелердің бір бөлігі XVI ғасырда жазылған Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» атты кітабына енгізіледі [20, 96-101].

Жалпы алғанда, Берке хан Алтын Орда хандары арасында алғашқы боп исламды қабылдап, мұсылман болғандықтан, уақыт өте келе оның мұсылманшылдығы туралы халық арасында әртүрлі аңыздар пайда болады. Сондай аңыздардың біріне Берке ханның анасының құрсағында жатып-ақ мұсылман болуы туралы аңыз жатады. Ол аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: «Берке жарық дүниеге келгенде анасының және мұсылман емес әйелдердің сүтін ембеген екен. Көріпкелдер мұны біліп: «Бала – мұсылман

екен, мұсылмандар мұсылман емес әйелдердің сүтін ембейді», – деп айтады. Содан мұсылман әйелді тауып әкелгенде, бала оның сүтін еме бастаған екен» [20, 96]. Келесі бір парсылық автор Жүзжани (1193 жылы туған, өлген жылы белгісіз) «Берке ханға қатысты келесі бір аңыз-әңгімесінде: «Жошы ханның өзі бұл ұлымды туа сала мұсылман етемін деп, кіндігін мұсылман әйелге мұсылманша кескізіп, мұсылман әйелдің сүтімен еміздірген екен» [21, 16]. Қалай болса да, Берке ханның исламды қалай қабылдағаны жөнінде халық арасында әртүрлі аңыз-әңгімелер таралып, оның мұсылманшылығын дәріптеу, мадақтау болғандығын көреміз.

Жүзжани тағы да Берке ханның жас кезіндегі діншілдігі туралы былай деп жазады: «Берке білім алар жасқа келгенде әкесі оған Құранды үйрету үшін имамдар таңдады. Ол діни білімді Ходжентте алды. Оның әскері 30 мың мұсылманнан жасақталған екен. Оның әскерінде жұма намазы қатаң сақталынып отырылды. Әрбір сарбаз өзімен бірге жайнамазын алып жүретін тәртіп болған екен. Сондай-ақ бүкіл әскерде ешкім шарап ішпейді екен және оның жанында үнемі Құранды білетін ғұламалар хадистерді түсіндірушілер мен ислам заңын білетіндер жүреді екен. Батый ханның тұсында Берке екі немесе одан да көп рет Халифтың арнайы жіберген сыйлық киімдерін алыпты» [21, 16-17]. Бұл айтылған деректер Берке ханның жас кезінде қандай діндер болғанын көрсетеді.

Батый ханнан кейін Сарайда таққа Сартақ ұлы келеді. Бірақ тез қайтыс болып кетеді. Одан кейін келесі ұл – Ұлақшы келіп, ол да тез қайтыс болады. Алтын Орда тарихында Сартақтың билікке келгені кейде айтылады, кейде айтылмайды. Ал Ұлақшы жөнінде тіпті айтылмайды. Батый ұлдарының кенеттен қайтыс болғандығы туралы арнайы зерттеулерде болмаса, оқулықтарда ешқандай мәліметтер жоқ. Жүзжанидың мәліметтерінде Батый ханның ұлдары – Сартақ пен Ұлақшыны өлтірткен Берке хан делінеді. Ол былай болған екен.

Батый ханнан кейін Алтын Орда тағын иеленген Сартақ сол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша Қарақорымға барып, қағанның жарлығымен бекітілуі қажет екен. Сартақ Қарақорымға барып, Мөңке қағаннан (Менгу қаған) бекітіледі де, қайтар жолда Берке ханның Ордасына соғудан бас тартады. Берке хан оған адам жіберіп: «Мен сені әкеннің орнын иеленуге мүмкіндік бердім, неге сен мені танымайтындай, маған соқпай кетіп барасың», – хабар жібереді. Хабаршыға Сартақ былай жауап қайтарады: «Сен мұсылмансың, ал мен христиан дінін ұстаймын. Мен үшін мұсылманның бетін көру бақытсыздық». Мұны естіген Берке үш күн бойы мұсылманның бетін көру бақытсыздық». Ұлақшы да дәл осылай қайтыс болған Сартақ қайтыс болады» [21, 18-19]. Ұлақшы да дәл осылай қайтыс болған екен. Ортағасырлық армян тіліндегі жазба дерек мәліметтерінің бірінде Сартақ пен Ұлақшыны өлтірткен Берке хан делінеді [22, 27]. Көп ұзамай Ұлақшы да о дүниеге аттанады [15, 67].

Армян тіліндегі деректерде Батый мұрагерлерінің кенеттен қайтыс болуының артында Берке тұрғаны нақты айтылады. XIII ғасырдағы армян тарихшысы Вардан біз сөз етіп отырған мәселе бойынша былай деп

ақылды, тамаша мінезді, исламды жақсы ұстанған және батыл, ержүрек болатын»[25,175]. Оның билікке келуі оңай болған жоқ. Тоқтай хан қайтыс болғаннан кейін Батый ұрпақтары ішінде тақты иеленуге үміттенгендер саны жетерлік еді. Сондай-ақ хан сарайы маңындағы әртүрлі лауазымдағы саны жетерлік еді. Сондай-ақ хан сарайы маңындағы әртүрлі лауазымдағы бектер мен әмірлердің дін мәселесіне келгенде Өзбекке ішкі наразылықтары қатты болатын. Ол жөнінде дерек мәліметі былай деп баяндайды: «... Әмірлердің Өзбекке жау болуына мынадай жағдай себеп болды. Өзбек үнемі олардан дінге сенуді және ислам дінін қабылдауды талап етіп отырды, оларды соған итермеледі. Ал әмірлер болса оған былай жауап беретін: «Сен бізден бағыну мен тәуелді болуды талап ет, ал біздің қандай сеніміміз бен қай дінге кіретінімізде шаруаң болмасын. Біз қалайша Шыңғыс ханның заңы мен жарғысынан бас тартып, арабтардың дініне өтеміз»[32,141]. Өзбек өз дегенінде тұрып алды, ал әмірлер болса, оған қарсы жау болып, теріс айналды, оның көзін жоюға тырысты»[32,141]. Бұл келтірілген дерек мәліметтері Алтын Орданың ішкі саяси өмірінде діни факторлардың маңызды орын алғанын көрсетеді.

Мұсылмандық топқа қарсы болғандардың ішінде әмір Құтлық Темір деген кісі «Патшалық Тоқтайдың ұлына тиесілі, бірақ алдымен Өзбекті тұтқындау керек, өйткені ол біздің жауымыз, сосын ғана Тоқтайдың ұлын отырғызуға болады, - дейді. Әмірлер осындай ұйғарыммен келіседі»[32,141].

Өзбек те Сарайда жалғыз болмаған, оның діни ұстанымы мен бағытын қолдайтындар бірлесе отыра астыртын қимылға көшеді. Тоқтай ханның тұсында мемлекеттегі барлық істерді басқаратын, яғни беклербек лауазымындағы тағы бір Құтлық Темір деген әмір Сарайда мұсылмандық топты басқарған секілді. Тоқтай ханның қазасынан кейін әр топ өз адамдарын таққа отырғызу үшін әрекеттерге көшкен кезде, Әмір Құтлық Темір Тоқта ханның үлкен хатындарының бірі, бұрынғы Тоғырылдың әйелімен бірлесе отыра қимылдап, таққа Өзбекті отырғызу қажет деп шешеді. «Шыңғыс-намеде» бұл әйелдің есімі – Байалин-келін делініп, Өзбектің анасы деп айтылады[20,102]. Араб тарихшысы Ибндукмақтың(1308-1388) мәліметі бойынша әмір Құтлық Темір Өзбекті таққа отырғызбай тұрып, одан болашақта исламды қолдайтындығы туралы уәдесін алады[28,323]. Осылайша, Тоқта ханнан кейін Алтын Ордадағы тақ мұрагері жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі топ пайда болып, әр топ өз адамын отырғызу үшін ашық күреске шыға бастайды.

Өзбек өзін қолдайтын топтың көмегі арқасында өзіне қарсы ұйымдастырылған қастандықтан аман құтылып шығады. Тез арада әскерін жиып, қарсы топты жеңіліске ұшыратады да, тақты иеленеді. Сөйтіп, Өзбек хан өте күрделі және шиелініскен қиын жағдайда жақтастарының көмегімен Алтын Орда тағын иеленеді.

Таққа отырысымен Өзбек хан алдыменен өзіне қарсы болған топты қырғынға ұшыратады. Дерек мәліметіне жүгінсек, Тоқтай ханның тағы бір ұлы мен оның жанындағы 120 Шыңғыс хан әулетінің өкілдері өлтірілген екен[32,141]. Хайдер Рази болса, Өзбек хан Тоқтай ханның 2 ұлын және

жошылық 20 сұлтанды өлтірді деп жазады[33,213]. Ал Өтеміс қажының дерегінде Өзбек хан Жошының он жеті ұлынан тараған ұрпақтарды жиып, оларды Исатай мен Алатай есімді қият тайпасының бектеріне бөліп берді делінеді[20,105]. Қалай болса да, Өзбек хан билікке келісімен ең бірінші болып, өзіне қарсы болған саяси топты, яғни Алтын Ордада исламның таралуына қарсы, мұсылмандықты қолдамайтын күштерден құралған саяси топты тас-талқан етіп жеңіліске ұшыратады. Өзбек хан болса, Елбасардың қателігіне бой алдырмай, тақты иеленгеннен кейін барып, исламның Алтын Ордада орнығуына кедергі жасап отырғын күштерді талқандайды да, исламның орнығуына толық жол ашады.

Тарихшылар Ибнхальдунның(1332-1406), Эласадидың (1377-1446/1448) жазулары бойынша Өзбек хан өзін билікке әкелген саяси топтың жетекшісіне берген уәдесіне сай, билікке келісімен Сарайда үлкен мешіт салдырады және әр жұма сайын намазға барып тұрады[29,323; 34, 446]. Оның бұл әрекетіне түрік тайпаларының бір бөлігі қарсы болып, Өзбек ханды тақтан тайдырмақ болады. Билігін нығайтып алғаннан кейін Өзбек хан тағы да өзіне қарсы топтың екі жетекшісін және оларды қолдаушы бірнеше әмірлерді өлім жазасына кеседі[28,323]. Осылайша, Өзбек хан Алтын Ордада исламды басқа діндерге қарағанда жоғары көтеру жолында алғашқы қадамдарын сәтті жүргізеді. Алғашқы қадамы – бұрынғы діни сенімдерінен айырылғысы келмеген шыңғыстық ұрпақтардың қарсылығын жеңу болса, екінші сәтті қадамына – исламға қарсы кейбір түрік тайпалары басшыларының кедергілерін жою жатты.

Дерек мәліметтерінде Өзбек ханның билікке келгеннен кейін 8 жыл өткенде исламды қабылдағандығы туралы айтылады[35, 206]. Біз бұл жерде дерек мәліметіне сын көзбен қарай келе, Өзбектің исламды қабылдаған жылы туралы ондағы мәліметті қате берілген деп санаймыз. Өйткені бұған дейінгі араб және парсы тілдеріндегі дерек мәліметтерінің бәрі дерлік Өзбек ханды тақты иеленгенге дейін мұсылман болғандығын жазған болатын. Дегенменде, билікке келгеннен кейінгі 8 жыл ішінде Өзбек хан Сарай қаласында және бүкіл Алтын Ордада үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Шыңғыс ұрпақтары мен түркілік этнотоптар басшыларының саяси және діни мәселе бойынша қарсылықтары толығымен жеңіліс табады, сол арқылы орталық атқарушы билікті нығайтады. Өзбек ханның толық жеңісімен ислам бағытындағы күштер де толық үстемдікке жетеді. Енді тек оны заңдастыру ғана қалады.

Өзбек хан 8 жылдан кейін, хижра бойынша 720 жылы, (12.ІІ.1320-30.І.1321) түрікше тауық жылы, сол дәуірдегі шейхтар мен мұсылмандардың шейхы, қасиетті Зеңгі – Ата(Зеңгі Баба) мен ең жоғары атақ-дәрежеге ие, адасқандарға дұрыс жол көрсетуші, сейдтердің жетекшісі Сейіт-Атаның басшылығымен мұсылман болады. Қасиетті Сейт-жетекшісі Сейіт-Мұхаммед Өзбек хан деп жаңа мұсылман есімін береді[35, Ата оған Сұлтан-Мұхаммед Өзбек хан деп жаңа мұсылман есімін береді[35, 206]. Сонымен сол күні халықтың көп бөлігі мұсылман болады. Осындай өте маңызды оқиғаға жергілікті халық арасында зор беделі бар әрі тарихи тұлға, әрі рухани көсемдердің қатысуы халық санасы мен жадында мәңгі

сақталып қалады. Сол кезден бастап ислам діні Алтын Орданың негізгі және басты дініне айналып, халықтың басым бөлігі мұсылмандықты қабылдайды. Тарихшы Хайдер Разидың жазуынша «...Хижраның 722 жылы (20.І.1322-Тарихшы Хайдер Разидың жазуынша «...Хижраның 722 жылы (20.І.1322-9.І.1323) оның (Өзбек ханның-Б.К.) қарсыластары қалмады. Одан кейін Жошы ұлысы Өзбек ұлысы деп аталады»[33, 213].

Осылайша, Алтын Орданың гүлденуі мен нығаюына жол салып берген Өзбек хан Сарайдағы таққа келіп, ислам дінін Алтын Ордада ресми дінге айналдырады.

Сөйтіп, осы жұмыста айтылған ойларымызды түйіндей келе мынадай қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, тарихшылар тарапынан Алтын Орда тарихындағы елеусіз саналып, еленбей келген мәселелердің бірі – Қыпшақ тайпасының Елбөрі әулетіндегі өкілі - Башман батырдың Батыс Қазақстан аумағы мен Еділ өзені алқабында Батый хан бастаған моңғол жаулап алушылығына қарсы бірнеше жылға созылған күресі жәй ғана қатардағы көп мәселелердің бірі емес, өте күрделі, ауқымды, өзекті мәселелер қатарына жатады деп санаймыз. Алдыңғы күндері бұл мәселеге зерттеушілердің назары ауып, шынайы зерттеулер жүргізіледі деген ойдамыз. Сол зерттеулер негізінде Башман батырдың тарихи рөлі айқындалып, тарихи тұлғалық бейнесі анықтала түсетініне сеніміміз мол.

Екіншіден, Берке ханның исламды қабылдауы мен діншілдігі және Батый хан ұлдары – Сартақ пен Ұлақшының таққа отыра алмауының астарында дін мәселесі жатыр деп есептейміз. Шыңғыс хан әулеті арасында алғашқы болып исламды қабылдап, мұсылман болған Берке хан жөніндегі аңыз-әңгімелер оны анасының құрсағында жатқан кезден мұсылман болған деген ақпаратты таратады.

Мұндай ақпаратқа қарап, жергілікті халықтың Берке ханға деген көзқарасын білеміз. Алтын Орда тарихының алғашқы кезеңінде-ақ хандар мен билеуші әулет арасында Сарай-Бату қаласында дінге байланысты ортақ көзқарастар мен ұстанымдар болмағандығын көреміз. Ақыры, соның нәтижесінде Батый ханның екі мұрагер ұлы Сарай-Бату тағына отыра алмай, мұсылмандықты қабылдаған Батый ханның туған інісі- Берке хан сарайдағы тақты иеленеді.

Үшіншіден, Алтын Орда тарихындағы ең жұмбақ, ең көмескі мәселенің біріне – Тоқтай ханның ұлы, әрі мұрагері Елбасардың кенеттен қайтыс болуы мен оның себептерін біз, Сарайдағы әртүрлі саяси бағыттар ұстанған топтардың әрекеті деп білеміз. Әсіресе, дін мәселесінде саяси топтар өкілдері барлық батыл қадамдарға дейін барады, болашақ мұрагерді көзқарастары мен дінге қатысты ұстанымдары үшін таққа отырғызбаудың жолдарын жасайды. Ал оның қателігін Өзбек хан билікке келген соң қайталамай, ақырын, абайлап, бірақ нық жүргізіп, нәтижесінде зор жеңіске жетеді.

Жалпы қорыта келе айтарымыз, Алтын Орда тарихында жәй, елеусіз мәселе болмауы керек, барлық мәселелер ғылыми негізде шешілгенде ғана толыққанды тарих жазылды деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тизенгаузен В. Предисловие. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды В. Тизенгаузена. Том I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884. V-XVI бб.
2. Приложение I. Программа задачи, предложенной Императорскою Академиею Наук в 1826 году. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды В. Тизенгаузена. Том I. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884.
3. Приложение II. Программа задачи, предложенной Императорскою Академиею Наук в 1832 году./СМИЗО. Т.І.
4. Березин Н.И. Очерк внутреннего устройства Улуса Джучиева. Труды Восточного отделения Русского Арх. Общества. Т. VIII. -1864.
5. Насонов А.Н. Монголы и Русь : (история татарской политики на Руси) / А. Н. Насонов; Акад. наук СССР. Ин-т истории. - М. ; Л., 1940. - 178 с.
6. Греков Б.Д., А.Ю.Якубовский. Золотая Орда и её падение. — М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. — 478 с.
7. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Мына жинақта: На стыке континентов и цивилизаций... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.). — Москва:ИНСАН, 1996. — 768 с.
8. Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды . - М., 1973.
9. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. -М., 1985.
10. Миргалеев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана. - Казань, 2003.
11. Почкаев Р.Ю. Ханы Золотой Орды. - СПб., 2010.
12. Трепавлов В.В. Золотая Орда в XIV столетии. - М., 2010.
13. Варваровский Ю.Е. Улус Джучи в 60-70-е годы XIV века. - Казань, 2008.
14. Из «Истории завоевателя мира» Джувейни.20-24 бб.// В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.(Одан әрі – СМИЗО. Т.ІІ.)
15. Из «Сборника летописей» Рашид ад-дина. 27-79 бб.// В.Г.Тизенгаузен. Одан әрі – СМИЗО. Т.ІІ.
16. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.
17. II.Из сочинения Ибнабдеззахыра. 36-37 сс. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.
18. V. Из летописи Рукнеддина Бейбарса. 98-101 сс. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.
19. VII. Из энциклопедий Эннувейри. 151-153 бб. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.
20. Утемиш-хаджи.Чингиз-наме. / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусеитовой. – Алма-Ата: Ғылым, 1992 – 296 с.
21. I. Из «Насировых разрядов» Джуджани. 13-19 бб. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. т. II.
22. Из «Летописи» Себастаци. Мына кітапта: Армянские источники о монголах. – Москва; 1962.
23. Всеобщая история Вардана Великого./ Пер. Н.Эминя. – М., 1861.
24. Армянские источники о монголах. Извлечения из рукописей XIII-XIV вв. / Перевод с древнеармянского, предисловие и примечания А.Г.Галстяна. – М.,1962.
25. VIII. Из летописи Шейха Эльбирзали. 172-175. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.
26. X. Из летописи Эддзехеби. 200-206.// В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.
27. XIV. Из летописи Ибнкесира. 272-277. //В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.
28. XVI. Из летописи Ибндукмака. 315-330. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.
29. XIX. Из истории Ибнхальдуна. 365-394. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.І.

30. XXV. Из летописи Бедредина Элайни. 474-534. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.1.
 31. Қ.Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 бет.
 32. X. «Из продолжения Сборника летописей». 139-143. // СМИЗО.Т. II. М.-Л.,1941.
 33. XV. Из «Истории» Хайдара Рази.213-215.// СМИЗО.Т. II. М.-Л.,1941.
 34. XXII. Из летописи Ибншохбы Эласади. // В.Г.Тизенгаузен. СМИЗО. Т.1.
 35. XIII. Из «Родословия тюрок».202-209. // СМИЗО.Т. II. М.-Л.,1941.

ТЕМІР ӘУЛЕТІ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН МАҢЫЗЫ

Жаппасов Ж.Е.,¹ Ибрагимова М.Н.,² Карабалина Э.Ж.³

¹ Халықаралық инженерлік-техникалық университетінің қауым профессоры

² Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы,
Шароф Рашидов атындағы Самарқан мемлекеттік университетінің докторанты

³ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы

Аңдатпа. Ортағасырлардағы Орта Азия мемлекеттерінің мәдениеті мен тарихын зерттеу үшін өткен ғасырлардағы бай жазба мұраны шығармашылықпен игеру өте маңызды. Парсы тіліндегі деректер жазба ескерткіштер арасында ерекше орын алады. Темір және оның ұрпақтарының тарихына арналған нарративті шығармалар ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады. XIII-XVI ғғ. Дешті Қыпшақ және Түркістан жеріндегі негізгі оқиғалар тізбектелген бұл шығармалар біржақтылығына қарамастан дерек ретінде алатын орны жоғары. Өйткені тек Темір әулеті шығармалары ғана сол кезең оқиғаларынан басқа ортағасырлық мұсылман деректеріне қарағанда толықтай көрініс береді.

Темірлік деректерде ортағасырлардағы қазақ халқы мен қазақтарға қатысты мәліметтер көптеп кездеседі. Алайда оларды алып пайдаланбас бұрын деректерді сыннан өткізу қажет. Әмір Темір билігінің еңбектері қазіргі кездегі ғылыми негіздемелік тұрғысынан маңыздылығын жоғалтпаған деректердің қатарына жатады. Олар Темір мен оның ұрпақтарының көрші елдер мен халықтарға қатысты саясатын ғана емес, сонымен бірге олардың ішкі саяси, экономикалық, этникалық және мәдени өмірі туралы көптеген материалдарды көрсетеді.

Түйінді сөздер: дереккөз, Темір, әулеттер, хан, естеліктер, Хулагид, Темурид, Шейбанид, Бабыр.

Ортағасырлық әулеттік деректерді ғылыми айналымға қосу мен зерделеу мәселесі маңызды болып табылады. Өйткені, ортағасырлық деректермен жұмыс жасаудың өзіндік тәртібі, ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Осы бағытта көп еңбек еткен ғалымдарды атап айтатын болсақ, С. К. Ибрагимов, В.П. Юдин, Б.Е.Көмеков, Б.Ахмедов, К.А.

Пищулина, Ю.Г.Баранова, М.Х. Әбусейтова, Т.И.Сұлтанов, З. Қинаятұлы, И.Жеменей, Ж.М.Төлебаева және т.б. Зерттеуші ғалымдардың құнды ғылыми еңбектері Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңдерін зерделеу үшін маңызды болып табылады.

Әулеттік деректер тобына XIII-XVIII ғғ. Орталық Азия, Иран, Ауғанстан, Үнді, Шығыс Түркістан аумақтарындағы билеуші әулеттердің тұсында жазылған тарихи шығармалар жатады. Ортағасырлық шығармаларды Темірлік, Шайбанилық, Шағатайлық, Аштарханилық, Бабырлық, Сефевидтік деп билеген әулеттердің тапсырмасымен жазылғандықтан осылайша жіктеуге болады. Өйткені, деректер тікелей сол әулеттің тапсырысы бойынша жазылып, көбінесе әулеттің билеушілерін тізбектеп, олардың бірін екіншісінен керемет етіп сипаттау орын алған.

XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір әулеті тобының шығармаларынан тұрады. Бұл шығармалар әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихнамашыларымен жазып қалдырылған. Бұл деректер бұған дейін де зерттеушілер тарапынан кеңінен қолданылып келді. Алайда тарихшылар өздеріне керекті тұстарын ғана өз зерттеулері үшін үзіп-үзіп алып отырды, ал ол деректерге кешенді түрде деректанулық талдаулар жасалған жоқ.

Темір ұрпақтарына арналған шығармаларға тоқталмас бұрын оған қандай шығармалар енетіндігін анықтап алған дұрыс болар еді. Бұл әрине, қиындық туғызатын мәселелер қатарында. Зерттеушілер ортағасырлық Қазақстан тарихына арналған типтік, тақырыптық, территориялық-уақыттық және де түріне, саяси бағдарына қарай деректерді хулагидтік, темірлік, шейбанилық, бабырлық, сефевидтік, аштарханилық, маңғыттық, қоқандық, шағатайлық және т.б. әр-түрлі деректер топтарына бөліп қарастырып, осы топтарға белгілі шығармаларды жатқызады. Және де осылай жүйелеу ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеу жұмысын анағұрлым жеңілдеті түсетіндігі де анық.

Ең алдымен Қазақстан мен қазақтар тарихының түрлі аспектілері бойынша анағұрлым маңызды және толықтай деректер бере алатын XIII-XIX ғғ. парсы тілді жазба деректерді барлық кешендерін сыни тұрғыдан зерттеп, жүйелеп, айқындап, сонымен қатар, жаңа деректерді ғылыми айналымға. [1] енгізіп, талдап, сыни тұрғыдан іріктеген зерттеуші Ж.М.Түлебаеваның зерттеулеріне тоқталайық.

Ж.М.Түлебаеваның көзқарасына сай, XIII-XIX ғғ. қазақ халқы мен Қазақстан тарихына қатысты парсы деректерін территориялық, уақыттық, типтік және тақырыптық белгілері бойынша жүйелеу, олардың жүйесінің анағұрлым үйлесімді және ыңғайлы үлгісін (схемасын) құрайды. Автор парсы жазба ескерткіштерін жазылған территориясы мен пайда болған уақытына қарай топтай отырып, XIII-XIX ғғ. қазақ халқының тарихына қатысты мәліметтерді сақтаған деректерді: хулагидтік, темірлік, шайбанилық, бабырлық, сефевидтік, аштарханилық, маңғыттық, қоқандық